



Қомытов Ашығали

1. 1962жыл-Мәдени-ағарту мекемелерінің республикалық басқосуының қорытындысында жоғары жетістікке жеткені үшін марапаты (Алматы)
2. 1978 жыл-Форт-Шевченко қалалық комитетінің «Құрмет грамотасы»
3. 1986 жыл-Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Құрмет грамотасы»
4. 1987жыл- «Бүкілодақтық халық шаруашылығының байқауының лауреаты» медалі. (Москва)
5. 1988жыл- Бүкілодақтық Коммунистік жастар одағының төсбелгісі «Комсомолдағы белсенді қызметі үшін»
6. 1996 жыл-Түпқараған аудандық мәсихаты шешімімен «Түпқараған ауданының құрметті азаматы» атағы
7. 1997 жылы- Түпқараған ауданы әкімі Ә.Қапуовтың «Алғыс хаты»
8. 2001жылы- «ҚР Тәуелсіздігіне 10жыл» мерекелік медалі.
9. 2002 жыл Түпқараған ауданы әкімінің «Алғыс хаты»
10. 2005 жыл-«ҚР Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі
ҚР Президентінің 2005 жылғы тамыздың 25-дегі жарлығы
11. 2007 жыл-Маңғыстау облыстық Ардагерлер кеңесінің «Алғыс хаты»
12. 2007жыл- Түпқараған ауданы әкімі Б.Челпековтың «Алғыс хаты»
13. 2008 жыл-«Маңғыстау облысына 35 жыл» төсбелгісі
14. 2009 жыл – Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы желтоқсанның 4-дегі жарлығы бойынша ҚР «Құрмет грамотасы»
15. 2011 жыл – Маңғыстау облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасы»
- 16.2011 жыл- Маңғыстау облысы әкімінің «Алғыс хаты»
17. 2012жыл- Түпқараған ауданы әкімі Т.Асауовтың «Алғыс хаты»



Ізімбергенов Көбеген 1950 жылы туған. 1958 жылы Жданов атындағы сегіз жылдық мектептің 1 – сыныбына қабылданып, 1966 жылы бітіріп шыққан. Форт – Шевченко қаласындағы С.М.Киров атындағы орта мектепті 1968 жылы бітірген. 1969 жылы Жданов атындағы мектепте аға пионер вожатый болып бір жыл жұмыс жасаған. 1972 жылы бастап математика, физика пәндерінен сабақ беріп, мұғалімдік қызметін бастаған. 1973 – 1975 жылдары Армия қатарында қызмет етіп келіп, бұрынғы мұғалімдік жұмысын жалғастырған. Мектеп орта мектеп құрылған жылдары өндірістік оқу шебері (мастер) болып мектеп бітірушілердің III класс тракторист – машинист мамандығын алып шығуына атсалысқан. Сол кездегі шәкірттері қазір аудан, облыстың өндіріс орындарында сол мамандықпен еңбек етуде. Мектепке жаңа пән «Информатика және есептеу техникасы» келген кезде осы пәннен бастап сабақ берген. Мектепте ақпараттық технологияны енгізуге көп атсалысты. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға, атап айтқанда, бастауыш партия ұйымдарының хатшысы, кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметтерін қосымша атқарған. 2009 жыл Облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасы», 2013 жыл Аудан әкімінің "Құрмет грамотасы.



Итібай Бибіш Оразайқызы 1958 жылы 24 наурызда Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылында дүниеге келген. 1977-1982 жылдары Орал Педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдігі мамандығын оқып, білім алған. Өзінің ұстаздық қызметін 1978 жылдан Жданов атындағы мектептен бастаған. Бүгінде аты өзгерген З.О.Баймырзаев атындағы орта мектебінде қызмет етіп келе жатқанына 40 жыл болған ұстаз Итібай Б. өз ісінің майталман шебері деп атауға лайық. Осы уақыт аралығында ол өзін әр қырынан көрсете білген білікті мұғалім. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша түрлі байқаулардан жүлделі орындарға ие болды, шәкірттерін де түрлі байқауларға қосып бәйгенің алдында жүрді. Соңғы жылдардағы жетістіктеріне тоқталсақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдерге арналған республикалық қашықтық олимпиадасының «Алтын жүлдеге сай» нәтиже жеңімпазы І дәрежелі дипломымен, аудандық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің олимпиадасында І орын, «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған қашықтықтан өткізілген ІІ Республикалық педагогтардың «Өнегелі ұстаз» атты сайысында І орын алып марапатталды. Оқушылары аудандық, облыстық шығармалар сайыстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілетін пәндік олимпиадаларға жыл сайын оқушылары қатысып, жүлделі орындаға ие болып келеді. Атап айтар болсақ, Қ.Қартбаева ауданнан ІІ орын, облыстан ІV орын, Ж.Сағындықова ауданнан ІІІ орын, М.Базарқызы ауданнан ІІІ орын, А.Алдоңғарова ІV орынды иеленді. Итібай Б. күнделікті сабағында оқушыларға СКТ технологиясын қолдана отырып, пәнге қызығушылын арттыру мақсатында шығармашылықпен жұмыс жасап келеді. Осы әдісті қолдану мақсатында «Буын және оның түрлері», «Жүз жасаған бәйтерек», «Бір адамға» тақырыптарында мектепшілік семинарларда, апталықтарда ашық сабақтар өткізді. Мектепте гуманитарлық пәндер бірлестігіне, қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне жетекшілік етеді. Сыныптан тыс әр түрлі тақырыптарға байланысты, ақын-жазушылардың мерей тойларына байланысты әдеби кештер, апталықтар, сайыстар өткізіп тұрады. 2014-2015 оқу жылы бойынша ҰБТ қорытындысында оқушылары 100 пайыз сапа көрсетті. Бибіштің бірнеше мақалалары, әдістемелік жұмыстары, ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралары аудандық, облыстық, республикалық басылымдарға жарияланды. Бұл жеткен жетістіктері уақытында бағаланып, ауыл, аудан, облыс әкімдерінің, аудандық, облыстық білім басқармаларының, ҚР білім министрлігінің алғыс хаттары мен құрмет грамоталарына ие болды. Итібай Б. ұжым арасында сыйлы әріптес, шәкірттер арасында құрметті ұстаз.

Марапаттары:

- 1.2011 жылы Маңғыстау облысының «Құрмет грамотасы»
- 2.2011 жылы Облыс әкімінің «Алғыс хаты»
- 3.2015 жылы Маңғыстау облысы Білім басқармасының «Құрмет грамотасы», «Алғыс хаты»
- 4.2017 жылы Маңғыстау облысы Білім басқармасының «Құрмет грамотасы»
5. 2019 жылы Аудандық Білім бөлімінің «Құрмет грамотасы»



Балғабаев Нағамедин Колбаевич – жоғары санатты технология пәні мұғалімі. 37 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ағай 20 жыл педагогикалық қызмет атқаруда. Маңғыстау гуманитарлық колледжін технология пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Сонымен қоса, З.О.Баймырзаев атындағы орта мектептің әсері жетекшісі, АӘД пәндерінің мұғалімі қызметтерін қоса атқарып келеді Балғабаев Нағамединнің технология пәнінен әдістемелік тақырыбы-қазақ халқының ұлттық қолөнер бұйымдарын жасату арқылы оқушы дүниетанымын дамыту. Технология пәні оқушы іскерлігін, икемділігін дамытып қана қоймай, оқушыларды ұлттық құндылықтармен таныстыратын, болашақта баланы өмір сүруге дағдыландыратын пәндердің бірі. Сол бағытта Балғабаев Нағамедин сабақ беру үрдісінде ұлттық педагогика дәстүрін жалғастырып жүр деп айтуымызға болады.

Мұғалім жетістігі:

2013 жыл «Маңғыстау облысына 40 жыл» төсбелгісі

2014 жыл Маңғыстау облысы әкімінің «Ең үздік әскери жетекші» байқауында Мадақтама грамота;

2014 жыл Маңғыстау облысының білім басқармасының технология пәні мұғалімдер олимпиадасында II орын;

2015 жыл Маңғыстау облысы Қорғаныс істері жөніндегі комитетінің бастығының Алғыс хаты;

2015 жыл «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл» төсбелгісі;

2015 жыл Маңғыстау облысы Білім Департаменті «Құрмет грамотасы»;

2017 жыл Маңғыстау облысы Қорғаныс істер жөніндегі Департаменті «Мадақтама грамота»

2020 жылы ҚР Ұ.Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды.

Оқушы жетістігі:

2013 жылы «Зерде» Республикалық конкурсының облыстық кезеңі «Ерекше жетістігі үшін» I оқушы;

2016 жылы Облыстық «Мерген Ару» мылтық ату сайысында қыздар командасы III орын;

2015 жылы Облыстық «Сардар» кешенді олимпиадасының өңірлік кезеңінде «Ерекше жетістігі үшін» I оқушы.

БАҚ материалдары:

2013 жыл «Қазақстан ұстазы» журналында «Ағаш ою өнері»/ашық сабақ/;

2014 жыл «Маңғыстау» газетінде «ИЖ-38 Пневматикалық винтовкасы»/ашық сабақ/;

2015 жыл «Маңғыстау» газетінде «Бүгінгі ұрпақ- ертеңгі болашақ»/мақала/;

2015 жыл «Ustazbol.kz» сайтында «Ағаш бөлшектерін қиюластырып қосу», «Сүйектен мұрындық жасау», «Жеке қорғаныс құралдары» / ашық сабақ/.



1949 жылы 25 ақпанда Гурьев облысы Маңғыстау облысы Жармыш аулында дүниеге келген. Әке-шешесі қарапайым ұжымшар мүшелері болған. 1956 жылы Жармыш аулындағы жетіжылдық мектебіне қабылданып, 1966 жылы Ұштаған ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітірді. 1966-68 жылдары В.Чапаев атындағы ұжымшарда малшы, 1968 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, аталған оқу орнын 1972 жылы бітірді. Сол жылы Форт-Шевченко қаласының Баутин елді мекенінде Т.Г.Шевченко атындағы орта мектепке тарих пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасты. 1980-1988 жылдар аралығында аудандық, ауылдық атқарушы комитеттің төрағасы қызметтерін атқарды. 1988 жылдан З.О.Баймырзаев атындағы мектепте тарих пәні мұғалімі, 1993-1998 жылдарда директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, 1998-2004 жылдарда оқу ісінің меңгерушісі, 2005-2012 жылдар аралығында мектеп директоры қызметтерін атқарды. Осы жылдарда ҰБТ қорытындысы бойынша З.О.Баймырзаев атындағы орта мектеп жоғары деңгейде сапа көрсетті. 2009-2011 оқу жылдары Қазақстан тарихынан ҰБТ бойынша тапсырған мектеп түлектері 100%сапа көрсетіп, аудан мектептері арасында рейтингілік көрсеткіште бірінші орынды иеленді. Қазақстан тарихынан аудандық пәндік олимпиаданың әділқазылар алқасының бірнеше жылдар тұрақты төрағасы, мүшесі болды. Оқушылары Ерсайынова Шолпан ауданнан I орын алып, облысқа қатысушы болды. Ғылыми жоба жарысында 2009-2010 оқу жылы 10 сынып оқушысы Мырзағалиев Бағдат «Қаңға тарихи-мәдени ескерткіштері» аудандық кезеңнен II орын иеленіп, облысқа қатысушы болды. Ұзақ жылдар ұстаздық еңбегімде жас ұрпақты туған өлке тарихына қызығушылыққа тәрбиелеуде көмекші құрал ретінде «Маңғыстау тарихына арналған тестілер жинағы», «Маңғыстау ежелгі дәуірден ХХІ ғасырға дейінгі кезеңде» деп аталатын авторлық оқу бағдарламасы мектеп, аудан, облыс көлемінде таратылды. Ұстаздық қызметінде 1997 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 2003 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен», 2012 жылы Облыс әкімінің «Алғыс хатымен», Нұр Отан ХДП-ның «Алғыс хатымен» Облыстық, аудандық білім бөлімінің марапаттарымен марапатталды. 2012 жылдан бастап зейнеткерлік демалысқа шықса да, ағай әлі де ұстаздық қызметтен қол үзген жоқ.

Тулесинова Таганбиби Туйешиевна 01 қараша 1942 жылы Гурьев облысы Шевченко ауданы Қызылөзен жерінде дүниеге келген. 1948 жылы осы жердегі Жданов атындағы жеті жылдық мектептің бірінші сыныбына қабылданып, 1958 жылы Форт-Шевченко қаласындағы Киров атындағы орта мектепті бітірген.

Еңбек жолын сол 1958 жылдың 1 қарашасында Шевченко атындағы балықшылық калхозында кассир болып жасаудан бастаған.

1961 жылы ауылдық советтің депутаты болып сайланып, сол жылдың 1 желтоқсанынан бастауылдық советтің хатшысы болып қызмет істеген.

1963 жылдың наурыз айынан бастап Жданов атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасқан.

1963 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтына қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1968 жылы бітірді.

1965-1964 оқу жылынан бастап мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек еткен.

1974 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепте оқу істің меңгерушісі, 1986 жылдары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған.

1997 жылдың маусым айынан бастап зейнеткерлікке шыққан. Еңбек еткен жылдары 1973, 1977 жылдардың Социалистік жарыс жеңімпазы белгісімен, 1980 жылы Қазақ ССР Оқу Министрлігінің Құрмет грамотасымен, 1988 жылы Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1974, 1978, 1986, 1988 жылдары облыстық, қалалық оқу бөлімдерінің мақтау грамотасымен марапатталды.

Ержанова Несибели Жаманбаевна 17 қыркүйек 1948 жылы Гурьев облысы Форт-Шевченко қаласы Баутино кентінде дүниеге келген. 1955-1962 жылдар аралығында Баутин сегіз жылдық мектебінде, 1962-1965 жылдары Форт-Шевченко қаласындағы С.М.Киров атындағы орта мектепте оқыған. 1966 жылы бір жылдық педкурсты бітіріп, еңбекке араласты. 1967 жылдан бастап Аташ кентіндегі Т.Г.Шевченко мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып тағайындалды. 1974 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай оқып 1978 жылы бітірді. 1981 жылы Форт-Шевченко қаласындағы С.М.Киров орта мектебіне жұмысқа ауысты. Отбасы жағдайына байланысты 1986 жылдан бастап Қызылөзен ауылындағы Жданов орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасты. 1997 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста. Бірнеше рет Форт-Шевченко қалалық білім бөлімінің мақтау грамоталарымен, Маңғыстау облыстық білім басқармасының мақтау грамоталарымен марапатталды.

Умирова Кымбат 1948 жылы 14 наурызда Гурьев облысы Маханбет ауданы Бақсай селосында дүниеге келген. 1967 жылы Гурьев қаласындағы 1 жылдық педкурсқа түсіп, оны 1968 жылы бітірген. 1971 жылы Гурьев пединститутының биология факультетін сырттай оқып 1976 жылы бітірген. 1978 жылы Ақшұқыр селосындағы Ералиев орта мектебінде биология пәнінен сабақ берген. З.О.Баймырзаев атындағы орта мектепте 1985-2006 жылдар аралығында биология, география пәндерінен сабақ берген. Оның бірнеше шәкірттері аудандық, облыстық байқаулар мен олимпиадалар жеңімпаздары. Апай қазір зейнеткерлік демалыста. ҰБТ бойынша биология-география пәнінен жоғары көрсеткішке ие болып, еңбегі еленіп, бірнеше рет аудандық, облыстық Мақтау қағаздарымен, 1988 жылы «Қазақстан халық ағарту үздігі» белгісімен марапатталды



Бектұрғанова Айкумис Актановна 1979 жылы М.Әбдіхалықов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1980-1981 оқу жылынан бастап, З.О. Баймырзаев атындағы орта мектепте бастауыш мектеп мұғалімі, 2004-2005 оқу жылынан бастап математика пәні мұғалімі болып жұмыс жасады. Белгілі педагог А. Аманашвили: «Оқушылардың білімін арттыру, пәнге қызықтыру үшін жалпы алғанда, ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң содан бастау керек», - дейді. Математика пәнін оқытуда материалды меңгерту үшін, жаңа технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың өз бетімен ойлануына мүмкіндік жасайды.

Айкүмістің басты мақсаты өздігінен білім алып дами алатын жек тұлға қалыптастыру. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше дағдыландыру барысында Блум таксаномиясын да орынды пайдалана біледі. Білу, түсіну-базалық стандарт болып табылады. Қолдану тапсырмалары оқушылардың алған білімдерін, ойлап, толғап пайдалануды қажет етеді, оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіретін, талдау, бағалау. Бір сатыдан екіншіге өту жүйесінің шекарасы сезілмейтіндей өте икемді болуы керек. Әрбір оқушының өз мүмкіндігінше қабылдау қабілетіне қарай оқу материалан меңгеруін қамтамасыз ете отырып, әртүрлі деңгейдегі оқушыларға зейін аудару, олармен дербес жұмыс жасауға мүмкіндік беретін технология ретінде Блум таксаномиясын өз тәжірибесіне енгізген.

2018-2019 оқу жылында мектеп бітірген түлегі Ерсайынов Мейрам Талғатұлы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің «Математика және физика пәнінің мұғалімі» мамандығына мемлекеттік грантта оқиды. 2020 жылы апай зейнеткерлікке шықты.



Тойшыманова Асия Кенишбаевна 1959 жылы 11 желтоқсан Ақтөбе облысы Айтеке би ауданы Қарашатау ауылында дүниеге келген. 1977 жылы орта мектепті бітіріп, Ақтөбе педагогикалық институтына түсіп 1981 жылы бітірді.

Марапаттары:

- 1.1988 жылы аудандық оқу бөлімі «Құрмет грамотасы»
- 2.1995 жылы ауыл әкімшілігінің «Құрмет грамотасы»
- 3.2000жылы аудандық оқу бөлімі «Құрмет грамотасы»
- 4.Аудандық олимпиада 2002 жылы Физика пәнінен жоғары көрсеткіштерге жеткен үшін аудандық білім бөлімінің ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.
- 5.2004 жылы Түпқараған ауданы әкімінің Валентина Чернова атындағы сыйлығымен марапатталды.
6. 2005 жылы желтоқсан айы Аудан әкімінің «Алғыс хаты»
- 7.2006 жылы аудандық білім бөлімінің ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.
8. 2007 жылы тамыз айы аудан әкімінің «Құрмет грамотасы»
- 9.2007 жылы Облыстық білім бөлімінің «Ең үздік кабинет» Құрмет грамотасымен марапатталды
- 10.2008 жылы мұғалімдер білімін жетілдіру институтының физика кабинеті байқауында ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.
11. 2008жылы АББ-нің кабинет байқауында І орын
- 12.2012 жылы мектеп директорының «Алғыс хаты»
13. 2012 жылы ҚР БЖҒминимстрлігі «Дарын» орталығының «Құрмет грамотасы»
- 14.2013 жылы Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Құрмет грамотасы»
- 15.2015 жылы Түпқараған АББ – нің «Алғыс хаты»
- 16.ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Алғыс хат»аудандық
- 17.2017 жылы Түпқараған аудан әкімінің «Құрмет грамотасы»

Оқушы жетістігі:

- 1.Физика пәнінен аудандық олимпиада Байталасова Дамет – 8 сынып оқушысы, ІІ орын 2006 жыл
2. Физика пәнінен аудандық олимпиада Байталасова Дамет – 9 сынып оқушысы, ІІІ орын 2007 жыл
3. Физика пәнінен аудандық олимпиада Байталасова Дамет – 10 сынып оқушысы, ІІ орын 2008 жыл
4. Физика пәнінен аудандық олимпиада Жарылғасова Гүлнұр – 11 сынып оқушысы, ІІІ орын 2010 жыл
5. Физика пәнінен аудандық олимпиада Молдабекова Шұғыла – 10 сынып оқушысы, ынталандыру 2012 жыл
6. Физика пәнінен аудандық олимпиада Молдабекова Шұғыла – 11 сынып оқушысы, ІІІ орын 2013 жыл
7. Физика пәнінен аудандық олимпиада Еңсегенова Зүлфия – 8 сынып оқушысы, ІІ орын 2013 жыл